

Качир ауданының ормандары, жайылмалар мен дала аумақтарындағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Качир аудандық әкімдігінің 2003 жылғы 18 қыркүйектегі N 243/9 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 23 қазанда N 2088 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Қашыр аудандық әкімдігінің 2006 жылғы 12 маусымдағы N 176/6 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Қашыр аудандық әкімдігінің 2006 жылғы 12 маусымдағы N 176/6 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-ІІ, 1996 жылғы 22 қарашадағы "Өрт қауіпсіздігі туралы" N 48-І Заңдарына сәйкес, аудан аумағындағы ормандар, жайылмалар мен дала аумақтарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ** етеді:

1. Қосымшаға сәйкес үлкен көлемді табиғи өрттерді ұйымдастыру жөніндегі аудандық жедел штаб (бұдан әрі жедел штаб) құрылсын.

2. Жедел штабтың қоса беріліп отырған Ережесі бекітілсін.

3. Ауылдық округ әкімдеріне:

1) жергілікті жерлерде үлкен көлемді табиғи өрттерді сөндіруді ұйымдастыру жөніндегі штабтар құрылсын;

2) меншіктің барлық нысанындағы шаруашылықтар мен кәсіпорындардың (келісім бойынша) күштері мен құралдарын үлкен көлемді табиғи өрттерді сөндіруге тарту ережесін әзірлеуді қамтамасыз етсін;

4. "23-өрт сөндіру бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша):

1) ауылдық округтерде өрт сөндіру техникалық тексеруін және табиғи өртті сөндіру кезінде күштер мен құрал-жабдықтардың өзара іс-қимылы бойынша практикалық оқулар жүргізсін;

2) өрт техникалық станциясының жауынгерлік әзірлік дайындығын тексерсін;

3) Качир ауданының аумағында үлкен көлемдегі өрттерді сөндіру үшін күштер мен құрал-жабдықтарды тартудың жедел жоспарын тексеріп және т ұ з е т с і н .

5. Үлкен көлемді табиғи өрттер болғанда қатыстырылатын күштер мен құрал-жабдықтарды пайдаланудағы төлем төлеу:

1) әртүрлі кәсіпорындар жерінде болса сол кәсіпорын есебінен;

2) мемлекеттік жер қорының жерінде болса төтенше жағдайларды жоюға

аудан бюджетіндегі қарастырылған қаржы есебінен жүргізілсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.М.Сералиновқа жүктелсін.

Аудан әкімі

К Е Л І С І Л Г Е Н :
"23 - өрт сөндіру бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің

бастығы

А у д а н ә к і м д і г і н і ң
2003 жылғы 18 қыркүйектегі
"Качир ауданының ормандары,
жайылмалар мен дала аумақтарындағы
өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы"
N 243/9 қаулысын қосымша

Үлкен көлемді табиғи өрттерді сөндіруді ұйымдастыру жөніндегі аудандық жедел штабтың ҚҰРАМЫ

С е р а л и н о в
Бауыржан Мерғалымұлы

- аудан әкімінің орынбасары, штабтың аға жедел бастығы

С ә д у а қ а с о в
Нұрғали Мұқатайұлы

- аудан әкімі аппаратының төтенше жағдай жөніндегі бас маманы, аға жедел бастықтың орынбасары

Штаб мүшелері:

А р ы н о в
Бауыржан Серікбайұлы

- "23-өрт сөндіру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша)

Н ұ р ж ұ м б а е в
Еренғайып Сембайұлы

- "Қазақавтодор" республикалық мемлекеттік мекемесі Павлодар облыстық филиалының -74 жолды пайдалану учаскесінің бастығы

Т әң і р б е р г е н о в
Ақылбек Төлегенұлы

- аудан экономика және кәсіпкерлікті дамыту бөлімінің меңгерушісі

Қ а й ы р ж а н о в
Айсұлтан Нұрымұлы

- аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы

К о р о щ е н к о
Александр Михайлович

- аудан бойынша жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің төрағасы

Ұ қ п а е в а
Шаин Иманалиқызы

- аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі

Ә т і к е е в
Ерік Қайдошұлы

- аудандық коммуналдық шаруашылық және коммуникациялар бөлімінің меңгерушісі

З а й ц е в
Сергей Вячеславович

- аудандық телекоммуникациясы торабының директоры (келісім бойынша)

Р а й н и к
Тамара Михайловна

- аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі

В а г н е р
Андрей Андреевич

- Качир ауданының электр жүйесі "ашық акционерлік қоғамының директоры (келісім бойынша)

М а р ч е н к о
Евгений Алексеевич

- "Качир өндірістік жол участогі" жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің директоры (келісім бойынша)

К у р г у з к и н
Григорий Иванович

- "Максим Горький атындағы жануарлар әлемін және орманды қорғау
" жөніндегі мемлекеттік мекеменің директоры (келісім бойынша)

Қалкамбеков Дабылбек Сарсенбайұлы

- аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы (келісім бойынша)

А у д а н ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 8 қ ы р к ү й е к т е г і
" К а ч и р а у д а н ы н ы ң о р м а н д а р ы ,
ж а й ы л м а л а р ы м е н д а л а
а у м а қ т а р ы н д а ө р т қ а у і п с і з д і г і н
қ а м т а м а с ы з е т у т у р а л ы "
N 2 4 3 / 9 қ а у ы с ы м е н
бекітілген

Үлкен көлемді табиғи өрттерді сөндіруді ұйымдастыру жөніндегі ауданының жедел штабының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Үлкен көлемді табиғи өрттерді сөндіруді ұйымдастыру жөніндегі аудандық жедел штаб (бұдан әрі- Жедел штаб) үлкен көлемді табиғи өрттерді жою мен ескерту жөніндегі іс шараларды ұйымдастырады, меншік нысандары мен ведомстволық иелігіне қарамастан, өрттің көлеміне қарай ұйымдардың материалды техникалық ресурстарын жұмылдырады, қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес үлкен көлемді табиғи өрттерді жоюда әртүрлі ведомстволар іс - әрекетін үйлестіруді жүзеге асырады.

2. Жедел штаб өз қызметінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою және ескерту мәселесінде қоғамдық қатынасты реттейтін қазақстан Республикасының нормативтік - құқықтың актілерін, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мәселесі жөніндегі халықаралық келісімді, аудан әкімі мен әкімдігі актілерін, сондай ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Жедел штабтың мақсаты мен міндеттері

3. Үлкен көлемдегі өрттерді ескерту және жою жөніндегі шараларды ұйымдастыру, ұйымдардағы материалды-техникалық қорларды жұмылдыру, меншік нысанына және ведомстволарға жататынына қарамастан әртүрлі ведомстволардың ірі көлемді өрттерді жоюда іс-әрекеттерін үйлестіру жедел

штабтың негізгі мақсаты болып табылады.

4. Жедел штабтың негізгі міндеттері:

1) үлкен көлемді өрттердің туындау қаупі бар орман шаруашылығы кәсіпорындарының, демалу орындарының, елді мекендердің аумақтарында өрт-техникалық тексеру жүргізеді;

2) үлкен көлемді өрттерді сөндіру үшін күштер мен құралдарды жұмылдыру жоспарына кірген, барлық меншік нысанындағы кәсіпорындардың күштері мен құралдарының жауынгерлік дайындығына тексеру жүргізеді;

3) өрттерді сөндіру кезінде күштер мен құралдардың өзара істер бойынша тәжірибелік жаттығулар жүргізеді.

3. Жедел штаб мүшелерінің негізгі қызметтері

5. Аудан әкімінің орынбасары, (жедел штабтың аға жедел бастығы) облыс аумағында үлкен көлемді өрттің туындағаны туралы хабар алған кезде:

1) (аудандық) өрт сөндіруді ұйымдастыруға басшылық жасауды жүзеге асыратын жедел штабтың деңгейін анықтайды; өкімдер береді, жедел штабтың іске кіруі қажет болатын жағдайда жедел штабтың аға жедел бастығының орынбасарына аудан әкімі аппаратының төтенше жағдай жөніндегі бас маманының төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штабты жинау туралы өкім б е р е д і ;

2) Жедел штабтың жедел мәжілісін өткізеді;

3) үлкен көлемді табиғи өрттерді сөндірудің басшысын, өрт болған жердегі жедел штабтың лауазымды тұлғаларын тағайындайды;

4) барлау жасаудың қажеттілігін, мерзімін, тәсілдерін анықтайды;

5) үлкен көлемді табиғи өртті сөндіруге жұмылдырылатын күштер мен құралдардың қажеті мөлшерін анықтайды;

6) үлкен көлемді табиғи күштер мен құралдар бөлетін нақты ұйымдар мен кәсіпорындардың нақты тізімін анықтайды;

7) үлкен көлемді табиғи өртті сөндіру барысын тікелей бақылайды.

6. Аудан әкімі аппаратының төтенше жағдай жөніндегі бас маманы (Жедел штабтың аға жедел бастығының орынбасары) облыс аумағында үлкен көлемді табиғи өрттердің туындағандығы туралы хабар алған кезде:

1) туындаған жағдайға байланысты азаматтық қорғаныс күштері мен құралдарының толық дайындыққа келтірілуіне нұсқау береді;

2) Жедел штабтың аға жедел бастығының шешімін іске асырылуын қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

3) үлкен көлемді табиғи өрттерді сөндіру барысына бақылау жасайды;

4) үлкен көлемді табиғи өрттер туралы жалпы ақпараттар жинауды жүзеге

а с ы р а д ы ;

5) Жедел штабтың аға жедел бастығына ақпарат беріп отырады;

6) өрт сөндіруді жақсартуға бағытталған ұсыныстар енгізеді;

7) үлкен көлемді табиғи өрт салдарын талдаудың нәтижесі бойынша қолдану үшін Жедел штабқа ұсыныстар енгізеді.

7. "23-өрт сөндіру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (Жедел штаб мүшесі) аудан аумағында үлкен көлемді табиғи өрттің туындағандығы туралы х а б а р а л ғ а н к е з д е :

1) өрт сөндірушілер қызметінің кезекші қарауылына өрт болған жерлерге жөнелту ү ш і н н ұ с қ а у б е р е д і ;

2) қажет болған жағдайда аудандық өртке қарсы қызметі бөлімшесін қызметті өтеудің күшейтілген түріне көшуге нұсқау береді және жауынгерлік есепке қордағы өрт техникаларын енгізеді;

3) Жедел штабтың нұсқауы бойынша үлкен көлемді табиғи өрт болған жерге көрсетілген күш пен жабдықтарды жібереді;

4) аудан өртке қарсы мемлекеттік қызметі бөлімшесі оперативтік кезекші арқылы аудандық өрт сөндірудің жедел жоспарына сәйкес үлкен көлемді табиғи өрттерді сөндіру үшін ұйымдар мен кәсіпорындардың күштері мен жабдықтарын көтеру мен жөнелтуді жүзеге асырады;

5) Жедел штабтың нұсқауы бойынша үлкен көлемді табиғи өрттерді сөндіруге басшылық жасайды; өрт сөнгеннен кейін өрт талдау нәтижесі бойынша жедел штабқа анықтама дайындайды.

8. "Максим Горький" атындағы жануарлар әлемін және орманды қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеме (Жедел штаб мүшесі) орман мен жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелер аумағына үлкен көлемді табиғи өрттері туындағандығы туралы хабар алған кезде:

1) қажет болған жағдайда облыстық аудандар маңының көрші орманшылықтарымен қарым-қатынас жоспарын енгізуді ұйымдастырады;

2) үлкен көлемді табиғи өрттерді сөндіру үшін штабқа жұмылдырылатын күш пен құралдардың қажетті мөлшері туралы ұсыныс енгізеді;

3) басқа ұйымдардың қызметкерлері үлкен көлемді табиғи өрттерді сөндіру басшылығына тағайындалған өз қызметін онымен келіседі.

9. Аудандық телекоммуникациялар жүйелер дирекциясының директоры, (Жедел штаб мүшесі) үлкен көлемді табиғи өрттер болып жатқан жерлермен Жедел штабтың үздіксіз байланысын қамтамасыз етеді.

10. "Качир ауданының электр жүйесі" ашық акционерлік қоғамының директоры ауданның ірі көлемдегі табиғи өрттерін сөндіру кезінде үздіксіз электр энергиясын беруді қамтамасыз етсін.

11. "Қазақавтодор" республикалық мемлекеттік мекемесі Павлодар 74-жолды

пайдалану учаскесі, "Қачир өндірістік жол участогі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тиісінше автокөлік жолдары бойымен уақытында жырту жүргізуді қамтамасыз етсін.

12. Аудан коммуналдық шаруашылық, көлік және коммуникациялар бөлімінің меңгерушісі (Жедел штаб мүшесі):

1) кәсіпорындардың үлкен көлемді табиғи өрттер болған жерлерге күш пен құралдарды тасымалдау үшін автобус бөлуін ұйымдастырады;

2) Жедел штабтың талаптары бойынша жарақаттанғандарды медициналық мекемелерге үшін автобус бөлуін ұйымдастырады;

3) Жедел штабтың талаптары бойынша үлкен көлемді табиғи өрттер болған жерлерге жанар-жағар май материалдарын жеткізуді ұйымдастырады.

13. Аудан экономика және кәсіпкерлікті дамыту бөлімінің меңгерушісі (Жедел штаб мүшесі) Жедел штаб талаптары бойынша жылжымалы тамақтандыру пунктін ұйымдастырады, үлкен көлемді табиғи өрттерді сөндіруге жұмылдырылған күштер мен құралдарды азық-түлікпен қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

14. Аудан денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі (Жедел штаб мүшесі) Жедел штаб талаптары бойынша үлкен көлемді табиғи өрттерді сөндіру жұмыстары жүріп жатқан жерлерге медициналық қызмет көрсетілуін қамтамасыз етеді.

15. Аудан ішкі істер бөлімінің бастығы (Жедел штаб мүшесі) үлкен көлемді табиғи өрттер туындаған жағдайда:

1) өрт аумағындағы қоғамдық тәртіпті;

2) бөтен адамдардың өрт аумағында болуын жүктеуді;

3) өрт жерлеріне бағытталған техника колонналарын шығарып салуды;

4) Жедел штабтың талабы бойынша ішкі істер бөлімі жеке құрамын бөліп беруді;

5) жергілікті халықты кезінде азаматтардың уақытша орналасқан пункттерін, тұрғын үй және өндірістік ғимараттарды күзетуді, тонаушылыққа жол бермеуді, коменданттық қызметті атқару мен ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

16. Аудан қаржы бөлімінің меңгерушісі (Жедел штаб мүшесі) жедел штаб талабы бойынша кәсіпорындар мен ұйымдардың үлкен көлемді табиғи өрттерді сөндіру жұмсаған нақты шығындарының дұрыстығына тексеру жүргізеді.

17. Ауданның жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеттің төрағасы жедел штабтың талабы бойынша өрт қай жер иеленушінің аумағында болғандығы туралы хабарлама береді.

4. Жедел штабтың құзырлығы

18. Жедел штабтың құзырлығына жататындар:

1) жедел штабқа кіретін барлық қызметтердің өзара іс-қимыл жасау жөніндегі нақты нұсқауларын жасайды;

2) жедел штабтың құрамына кіретін қызметтердің істерін үйлестіруді жүзеге асырады;

3) үлкен көлемді өрттерді сөндіру үшін күштер мен құралдарды жұмылдырудың жыл сайынғы жоспарларын әзірлейді;

4) үлкен көлемді өрттерді жою үшін жергілікті атқарушы органдардың қарауына қаржы және материалдық қор құру туралы ұсынысты енгізеді;

5) өрттерді сөндіру кезінде күштер мен құралдардың өзара істері бойынша тәжірибелік жаттығулар жүргізеді;

6) үлкен өрттерді сөндіру үшін күштер мен құралдарды жұмылдыру жоспарларының орындалуы туралы жергілікті атқарушы органдардың басшыларының есебін тыңдауды ұйымдастырады.

5. Жедел штабтың жұмысын ұйымдастыру

19. Жедел штаб қалыптасқан жағдайға қарай мынадай күн тәртібінде қызмет етеді:

1) күнделікті қызмет (күту тәртібі);

2) жоғары деңгейдегі дайындық;

3) төтенше дайындық.

20. Төтенше дайындық күн тәртібіне енгізілген кезде күштер мен құралдарды іске қосу үшін қолданылатын нақты уақыт төмендегідей белгіленеді:

1) шұғыл ықпал ету жасағы үшін көп дегенде екі сағат;

2) өртке қарсы және дәрігерлік қызметіне, қоғамдық тәртіпті қорғау қызметі үшін көп дегенде төрт сағат;

3) барлық қалған қызметтер үшін көп дегенде алты сағат.

21. Қызмет етудің осы не басқадай күн тәртібінің енгізілгендігі туралы шешімді Жедел штабтың аға жедел бастығы енгізеді.

22. Күнделікті қызмет тәртібінде Жедел штаб және оның қарамағындағы күштер мен құралдар күнделікті тәртіппен жұмыс істейді және өзінің негізгі қызметін атқарады.

23. Жоғары деңгейдегі дайындықтың жедел штабтың барлық қызметі өз үлкен масштабты табиғи өртке жөнелту үшін қарамағындағы бағытталған күшпен құралдарды толық дайын болу жағдайына жеткізеді, және өзінің негізгі қызметін атқарады. Жоғары деңгейдегі дайындық тәртібі ауа райын болжау орталығынан ұзақ құрғақшылық кезеңінің басталуы туралы хабар келген уақытта немесе басқа жағдайларда, жедел штабтың аға жедел бастығының өкімі бойынша

е н г і з і л е д і .

24. Төтенше дайындық тәртібінде Жедел штабтың барлық қызметі және оның қарамағындағы құралдар табиғи өрттерді жоюға жөнелту үшін толық дайын күйге келтіріледі және өзінің үнемі тұрған орнында немесе Жедел штабтың өкімімен нұсқалған жерде орналасады. Төтенше дайындық тәртібі табиғи өрттер туындаған жағдайда немесе Жедел штабтың аға жедел бастығының өкімі б о й ы н ш а е н г і з і л е д і .

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар аумақтары мен таратылма масштабтары келесі кестеде көрсетілген:

Табиғи сипаттағы төтенше жағдай-лар	Өрттердің аумағы	Жарақаттанған адамдар саны	Тікелей және материалдық шығынның мөлшері (ең аз көрсеткіші, мың. теңге)	Астық дақылы, га	Қайтыс болғандар немесе жаралылар	өмірлік қызмет жағдайының бұзылуы
	Орманды, өзен аңғары, га	Дала, га				
1	2	3	4	5	6	7
Объектілік	5-ке дейін	20-ға дейін	5-ке дейін	10-ға дейін	100-ден 300-ге дейін	5000-нан кем
жергілікті	5-тен, 50-ге дейін	20-дан	5-тен 50-ге дейін	10-нан 50-ге дейін	300-ден 500-ге дейін	5000-нан 500000-ға дейін

25. Нысанды аймақтағы төтенше жағдайларды жоюға басшылық жасау жер, орман жайылма қорларын ұстаушылары болып табылатын барлық меншік нысанындағы шаруашылық басшыларына жүктеледі. өрттерді жою үшін кәсіпорын мен ұйымдар күштерінің құралдары қолданылады.

26. Нысанды аймақтағы төтенше жағдайларды жоюға басшылық жасау ауданның ауылдық округтегінің сөндіруші штабтарына жүктеледі. Мұндай өрттерді жою үшін жер, орман жайылма қорларын ұстаушылардың күштері мен құралдары қ о л д а н ы л а д ы .

27. Жергілікті жердегі төтенше жағдайларды жоюға басшылық жасау Жедел штабқа жүктеледі. Өрттерді жою үшін өзен аңғары, жер, орман қорын ұстаушылардың күштері мен құралдары және сондай-ақ, ауданның мекен-жайларында өрт сөндірудің жедел жоспары мен ауылдық аумақтарда үлкен өрттерді сөндіру үшін күштер мен құралдар тарту жоспарына сай әр түрлі меншік нысанындағы кәсіпорындардың күштері мен құралдары қолданылады.